

Бекітемін

ЖШС «Лилия» бөбекжай

бағабакшасының меңгерушісі

Л.И Яворская



«Лилия» бақшасында өткізілген дөңгелек үстел бағдарламасы мен хаттамасы

Шымкент 2024

24-25

Дөңгелек үстөл

Такырыбы: «Успешный ребенок – тактика родительской поддержки»

Күні: 13.03.2025ж.

Уакыты 13.00

Өтетін орны: «Лилия» бөбекжай-бакшасы

Катысушылар: Бакша кызметкерлери, ата-аналар



БАҒДАРЛАМА

Катысушыларды тіркеу.

1. Алғы сөз: бакша меңгерушісі
Л.И.Яворская

2. Баяндама : «Успешный ребенок – тактика родительской поддержки»,
О.А.Лигуе

3. Ата-аналардың пікірлері

4. «Психологиялық тренингтер»

адіскер У.О.Ахметова

5. Қорытындылау: бакша меңгерушісі Л.И.Яворская

Катысушыларды шығарып салу

Дөңгелек үстел хаттамасы

Қатысқаны: 17 адам (бақша қызметкерлері мен ата-аналар)

Өту орны: «Лилия» бөбекжай-бақшасы

Тақырыбы: **«Успешный ребенок – тактика родительской поддержки»**

Мақсаты: балабақша мен ата-аналардың бірлескен жұмыстарын ұйымдастыра отырып, ата-аналардың педагогикалық білімдерін арттыру, бала тәрбиелеуде ата-аналардың ұстанымдарын жаңарту, балабақша-отбасы байланыстарын дамыта отырып, балалардың табысты болып өсуіне ықпал жасау.

Күн тәртібі:

1. Меңгерушінің алғы сөзі
2. Тәрбиеші О.А.Лигустің баяндамасы
3. Ата-аналардың пікірі
4. Әдіскердің психологиялық тренингі
5. Меңгерушінің қорытындылауы

Тыңдалды.

1. Күн тәртібі бойынша бірінші сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алып, дөңгелек үстелге келген қатысушыларды амандасып, дөңгелек үстел мақсатын түсіндіріп, Лилия бақшасының жұмысымен қысқаша таныстырып, бала тәрбиесі жайында сөз қозғап, ата-аналарға сәттілік тіледі.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші О.А.Лигус сөз алып, «Успешный ребенок – тактика родительской поддержки» тақырыбында баяндамасын оқып, табысты бала деген кім, баланың табысты болып өсуі үшін ата-ананың рөлі жайында оқып шығып, баяндама соңында ата-аналарға табысты баланың бейнесін қалай елестетесіздер, баланың табысты болып өсуі үшін сіздер не істей аласызда және табысты ата-ана балаларына не үйрете алады деген ой тудыратын сұрақтар қойып, сөзін аяқтады.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бірнеше ата-ана өз ойларын айтты. Соның бірі Ш.Жалмағанбетова табысты ата-ана ол өте еңбекқор, барлық жаңалыққа, өзгерістерге тез бейімделе алатын, білімді болу керек және баланың табысты болып өсуі үшін ата-ана табысты болуы керектігін, өйткені бала ата-анасына қарап үлгі алатынын айтып, есейген кезінде ата-ананы ешуақытта әуреге салмай, өз арбасын өзі сүйреп, бауырларына жәрдем беріп, материалдық қажеттілікте қиындық көрмейтін бала ол табысты бала деп табысты таланың бейнесін осылайша баяндап, сөзін қорытындылады.

Өз ойын айту үшін ата-ана К.Бондаренко сөз алып, табысты болу үшін, жоспарланға дұрыс іс-әрекет жасай білу керек екенін және әр күнің жоспарланған, баланы да сол режимге үйрете алуымыз керек деп, құр ішіп жеп, жататын, еңбек етпейтін балардан ешуақытта табысты адам шықпайтынын айтып, сөзін аяқтады. Сөз кезегін Ф.Бердыбаева алып, табысты адам болу үшін ең алдымен білім қажет, білімсіз күніміз қараңғы, жан жақты білім алған адамның көзі ашық, көкірегі ояу, өз ойы бар жеке

тұлға, ол әрқашан табысқа жете алады, білімді адам-ол табысты адам, ал табысты ата-ананың көңілі де тоқ болып, балаға жақсы тәрбие бере алатынын айтты.

4. Сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алып, қатысушыларға психологиялық тренинг өткізді. «Менің мінез-құлқым қандай», «Мен не істер едім?» тақырыбында өткізген тренинг барысында ата-аналарға қызықты сұрақтар қойылып, сол сұрақтар нәтижесінде ата-аналардың темпераменттері анықталып, мінездерінің жасырын қырлары анықталды. Ал екінші тренинг барысында әр түрлі ситуациялық сұрақтар қойылып, ата-аналар жауап беріп, тренинг нәтижелеріне риза болып, жақсы көңіл күй көтерді.

5. Дөңгелек үстел соңында меңгеруші сөз алып, дөңгелек үстелдің барысында ата-аналардың тақырыпқа байланысты берген жеке ойларын, келіспеген жерлерде өз пікірлерін айтып, алтын уақыттарын бөліп келгендеріне алғысын білдіріп, дөңгелек үстелді қорытындылай келе, дөңгелек үстел өткізуді жиілету керектігін, соның нәтижесінде балабақша мен ата-аналар арасында байланыс нығайып, балалар үшін бірігіп жұмыс жасап, табысты баланы қалыптасуына бірігіп іс-әрекет жасау керектігін айтып, сөзін аяқтады.

Менгеруші:

Хатшы:

Л.И.Яворская

У.О.Ахметова